БЕКІТЕМІН
«Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
_____ Г.А. Джакипова
«2» қаңтар 2026 жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫ
Ұлытау облысының білім басқармасының «Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» КМҚК

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Ұлытау облысының әдістемелік орталығында (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңының ережелеріне сәйкес әзірленген. Қағидалар жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттарына, Қазақстан Республикасының нормаларына, сондай-ақ Жарғының, ұжымдық шарттың және ішкі еңбек тәртібі қағидаларының талаптарына негізделеді.

1.2. Педагогикалық әдеп – Әдістемелік орталықтың педагог қызметкерлері басшылыққа алатын жалпы қағидаттар мен нормалардың жиынтығы.

1.3. Педагог қызметкерлердің осы Қағидалардың ережелерін білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметінің сапасы мен еңбек тәртібін бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

1.4. Осы Қағидалардың мақсаты – Әдістемелік орталықтың корпоративтік мәдениетін дамыту, оның имиджін жақсарту және ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

2.1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

2.2. **Адалдық:** Әдістемелік орталық қызметкерінің адалдығы оның қызмет нәтижелері үшін жауапкершілігін, өз қызметіне түзетулер енгізе білуін, өзін-өзі сын тұрғысынан бағалау және рефлексия жасау қабілетін, әріптестерінің кез келген пікіріне ашық болуын көздейді.

2.3. **Адал ниеттілік және шынайылық:** Әдістемелік орталық қызметкерінің шынайылығы оның бағалау қызметінің ашықтығы мен айқындығын білдіреді.

2.4. **Жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу:** жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу Әдістемелік орталықтың басқа қызметкерлеріне құрметпен қарауды, физикалық, моральдық және психологиялық зорлық-зомбылыққа жол бермеуді, ұжымда қолайлы ахуал қалыптастыруға ықпал етуді көздейді.

2.5. **Жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу және толеранттылық:** жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығын мойындай отырып, Әдістемелік орталық қызметкері әрбір ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне, құндылықтары мен қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

2.6. **Кәсіби ынтымақтастық:** Әдістемелік орталық қызметкері кәсібінің беделін сақтауға қамқорлық жасайды, әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, Әдістемелік орталықтың беделіне нұқсан келтіретін

әрекеттерге жол бермейді. Әріптестерінің сенімін қандай да бір нысанда теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін орындауына кедергі келтіруге және оларға қандай да бір зиян келтіруге жол берілмейді. Әдістемелік орталық қызметкері әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек көрсетеді.

2.7. **Кәсіби дамудың үздіксіздігі:** Әдістемелік орталық қызметкері өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отырады.

3. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

3.1. Әдістемелік орталық қызметкерлері қызметтік және қызметтен тыс уақытта:

- педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтайды;
- Қазақстан Республикасының педагогі деген жоғары атаққа нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасауға жол бермейді;
- өздерінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды;
- кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өзін-өзі тәрбиелеумен, білімін өз бетінше жетілдірумен және өзін-өзі дамытумен белсенді түрде айналысады;
- еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтайды;
- Әдістемелік орталықтың мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсаттарында пайдаланбайды;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдайды, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдықтың, бейтараптықтың және әділдіктің үлгісін көрсетеді;
- қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- жеке үлгісі арқылы ұжымда тұрақты әрі жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етеді;
- қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік киім үлгісін ұстанады;
- педагог мәртебесін пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдаланудан аулақ болады;
- бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-басылымдарда материалдарды жариялаған кезде және көпшілік алдында сөз сөйлегенде тек жеке тұлға ретінде, өз атынан сөйлейді. Бұл ретте пікірталасты әдепті түрде жүргізеді, сындарсыз сын мен әдепсіз пікірлер айтудан аулақ болады, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты жария етпейді және қоғамдағы педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмейді;
- Әдістемелік орталық атынан жасалатын көпшілік алдында сөз сөйлеулер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды осы ұйымның басшысымен келіседі;
- әлеуметтік желілерде тексерілмеген және (немесе) жалған, және (немесе) әдепсіз ақпаратты таратпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағын нығайтуға ықпал етеді;
- білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына ықпал етеді.

3.2. Білім беру ұйымдарының педагогтерімен қарым-қатынаста Әдістемелік орталық қызметкерлері:

- жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан, адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

- педагогтерге қатысты қаржылық және өзге де бопсалау әрекеттеріне жол бермейді, әріптестері тарапынан мұндай әрекеттердің жолын кесуге күш салады;

- өз әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп бермейді, сынға төзімділікпен қарайды, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

- білім беру ұйымдарының педагогтеріне кәсіби қолдау көрсетеді;

- педагогикалық әдептің бұзылуына қатысты шағыммен жүгінген адамдарды кемсітуге жол бермейді.

3.3. Әріптестерімен қарым-қатынаста Әдістемелік орталық қызметкерлері:

- жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтайды, сыпайы және әдепті болады;

- басқа қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді;

- дәлелсіз және негізсіз шағымдар мен өтініштер жасаудан аулақ болады, педагогикалық әдептің бұзылуына қатысты шағым берген адамға қарсы шаралар қолданбайды.

4. Жауапкершілік

4.1. Педагогикалық әдепті бұзғаны үшін Әдістемелік орталық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шартына, осы Қағидаларға, сондай-ақ жұмыс беруші айқындайтын шешімдер мен актілерге сәйкес жауапкершілікке тартылады.